

1-Семинар. Алғашқы баспа жаңалықтары. Гутенберг баспасы

Семинардың мақсаты: *Ең алғашқы ақпарат алмасу тарихы, алғашқы баспа жаңалықтары, Гутенберг баспасы туралы пікір алмасу.*

Ең алғашқы ақпарат алмасу тарихы

Әуел баста аңшылар өздерінің алпауыт жемтік етін қуырып жейтін оттың басында соңғы олжасы мен сәтсіздіктердің тарихын жаңалық етіп бөлісетін. Бұл елден-елге ауызша тараған ақпарат аңшылардың күнделікті жаңа оқиғаларымен толысты. Тіпті кейінірек аңшылардың аңыз-әңгімелерінің негізінде үңгір қабырғаларына суреттер салынды және бұл кескіндер әлемдегі сурет арқылы жеткен ең алғашқы ақпарат болатын. Бұл үңгірлер мен кеңістікті қоғамдық сфераның ең ежелгі формасы деп санаймыз. Сондықтан жаңалықтарды ықылым заманнан қоғамдық сфераның ажырамас бөлігі ретінде қалыптасқан деп сеніммен айтуға болады. Қоғам жаңалықтарсыз өмір сүре алмайды.

Бірнеше ғасыр өткеннен кейін ақпарат алмасу ежелгі Грекия агоралары мен Рим форумдарында жалғасын тапты. Кейінірек ортағасырлық Еуропада кезбе ақындар қаладан-қалаға жазбаша хабарларын тарата бастады. XVI ғасырда кофеханалар жаңалық тарату және қоғамдағы маңызды мәселелерді талқылау мекеніне айналды. Кейіннен неміс зергері Йоханнес Гутенберг баспа станогын ойлап тапқаннан кейін баспа ісі, коммуникация процесі түбегейлі өзгерді.

Алғашқы баспа жаңалықтары

Б.з.д. 59 жылы Юлий Цезарь *Acta Diurna (Daily Events / «Күнделікті оқиғалар»)* парақшасымен жаңалықтар жазудың алғашқы формасын таныстырды. Аса ыждаһатпен жазылған жаңалық парақшасының қолжазбасында үкіметтік дау-жанжалдар, әскери науқандар, сынақтар, өлім жазасы, шайқастар мен өрт туралы оқиғалар баяндалған. *Acta Diurna* қомақты қаржыға дайындалды. Аймақтың губернаторларына, жеке жазылушыларға және хат танитын сауатты халық арасында әлеуметтік әрі саяси пікір алмасу ордасын құру үшін Римдегі форумда таратылды.

Гутенберг баспасы

Қытайда сегізінші ғасырдан бастап Бейжің қаласында газетке ұқсас қолжазба үнпарақтары саудагерлер мен ықпалды азаматтарға жаңалық таратты. Алайда Еуропада XV ғасырдың ортасында неміс зергері Йоханнес Гутенберг (1398–1468 жж.) жылжымалы және ауыспалы әріптер арқылы басып шығаруды ойлап тапқанға дейін мұндай қолжазба үнпарақтар болған жоқ. Гутенберттің өнертабысы Еуропаның баспа өндірісіне елеулі төңкеріс әкелді.

Алайда ауыспалы баспа жүйесі Шығыс Азияда XI ғасырдан бері белгілі болғанымен, Гутенбергке дейін Азияда жасалмады. Еуропада Гутенбергке дейін баспа саудасы болды. Бірақ қашап жазу технологиясы күрделі және қиын еңбекті қажет етті. Қағаздың жеке парақтары қашалған өрнекке көшірілетін, ал ағаш табақты өшіру үшін сүргілеу өте күрделі процесс болды. Гутенбергтің өнертабысы баспа ісіне көз ілеспес жылдамдық пен тиімді өзгерістер әкелді. Оған Рейн алқабындағы бұрамалы шарап жасау технологиясында қолданылатын әдістер ерекше әсер етті. Жазба кескінді қағазға немесе пергаменттерге біркелкі көшіруге арналған бұрандалы Гутенберг баспасы алғашында жылжымалы ағаш әріптер блоктардың үстімен сияға матырылып, содан кейін өрнекті қағаз парағына бастырды. Қолмен құю құралы өнертабыстың ең маңызды элементі ретінде принтерге әртүрлі таңбалардың қажетті санын тез шығаруға мүмкіндік берді. Қаріптерді құюға металдардан қорғасын, қалайы және оны тез салқындату үшін әрі механикалық үдемелі нығыздауға төзімді қоспаларды

пайдаланды. Гутенбергтің тәсілі XX ғасырға дейін баспа стандарты болды.

Гутенберг баспасы XV ғасырда кітаптар мен брошюраларды шығаруда төңкеріс жасағанымен, газеттің шығуына тікелей себепші болған емес. Көптеген жаңалық парақшалары бұрынғысынша аз таралымда қолмен жазылып, бай саудагерлер мен элитаны кеме қатынасы, сауда-саттық, коммерция және саясат жайлы ақпаратпен қамтамасыз етті. Кейде саяси қақтығыстар, соғыстар, табиғи апаттар немесе патша сапарлары сияқты маңызды оқиғалар өткенде, қала жаршылары (жаңалықтардың бірінші оқырмандары) соңғы ақпаратты қоғамдық орындарда дауыстап оқыды. Гутенбергтік баспасөз тек ғылым, өнер мен дін саласын дамытуды ғана емес, сондай-ақ қоғамда болып жатқан барлық оқиғалар туралы ақпарат беруді талап ететін сауатты адамдардың жаңа қауымдастығын құрды. Алайда баспа өнімдерін шығарудың қымбаттығы мен Еуропадағы сауатсыз халықтың көптігі (монахтар мен саудагерлерді қоспағанда) арзан әрі көпке тарайтын газет өндірісін кейінге шегерді.

Сұрақтарға жауап беріңіз?

- 1.Ең алғашқы ақпарат алмасу тарихы туралы баяндаңыз?*
- 2.Алғашқы баспа жаңалықтарының авторы кім? Қашан шықты және жаңалықтар парақшасы қалай аталды?*
- 3.Гутенберг баспасы журналистиканы не үшін өзгертті және оның соңғы технологиялық өзгерістермен ұқсастығы қандай?*

Оқу әдебиеттері

- 1.Жейсон Бейнбриж, Никола Гок, Лиз Тайнан. «Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас». Oxford. 2015, 504 б.
- 2.Серпикова М.Б. «Язык и стиль СМИ». Москва, 2019

3.К. И. Шарафадина, Н. С. Зеликина, Л. А. Евдокимова, И. А. Сухотина, Е. И. Колесникова. «Язык и стиль СМИ»: учеб. пособие / — СПб. : СПбГУП, 2019. — 228 с. — (Библиотека гуманитарного Университета; Вып. 59).

4.Рамазан А.«Қазақ баспасөзі Қазақстандағы тіл саясатының қалыптасу, даму жолдары», монография / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ Университеті, 2018. - 312 б. - URL: <http://elib.kaznu.kz/order-book>. - ISBN 978-601-04-3386-1

5.Басовская Е.Н. «Медиастилистика, интернет-стилистика, постстилистика: о новых подходах к языку СМИ» // Вестник РГГУ. Серия «Литературоведение. Языкознание. Культурология». 6. С. 124–136. DOI: 10.28995/2686-7249-2020-6-124-136, 2020.

6.О.И. Кузьмина Н.В. Шевцов. «На одном дыхании. Язык и стиль СМИ». Учебное пособие. ISBN 978-5-9228-2439-2 Издатель: МГИМО, 2021

Ғаламтор ресурстары:

1.Абишева, Вера Туkenовна. Электронные СМИ: язык и стиль. Учеб. пособие / - Алматы: «Эверо», 2016. - 212 с. - URL: <http://elib.kaznu.kz/book/4880>. - Библиогр.: с. 208-211. - ISBN 978-601-240-468-5

2.Оразбекова Зейне, Женгиз Еркaн. «Язык и стиль современных СМИ», 2018, 225 стр. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=30094032>